

**Қазақ КСР – інің еңбек сіңірген өнер қайраткері, халық ақыны  
Доскей Әлімбайұлының 175 және Халқымыздың қаһарманұлы,  
Мемлекет қайраткері Жумабек Ташеновтың 110- жылдығына  
арналған «Армысың, өз Наурыз» атты облыстық ақындар  
айтысын өткізу  
ЕРЕЖЕСІ**

**Мақсаты мен міндеттері:**

Халық ақыны, айтыс өнерінің алдаспаны Доскей Әлімбайұлының айтыстары мен рухани бай мұрасын насихаттау, екінші дүние жүзілік соғыста жауынгерлерді жігерлендірген отты өлеңдерін, қасиетті Қарағанды қаласы және кеншілердің ерен еңбегін жырлаған жалынды жырларын ұрпаққа үлгі ету. Туған елін, туған жерін қорғауда ерекше ерлік көрсетіп, ұлтарақтай жерімізді ұрпаққа аман сақтап қалу жолында басын бәйгеге тіккен.

Алаштың біртуар перзенті, халқымыздың қаһарман ұлы мемлекет және қоғам қайраткері Ташенов Жұмабек Ахметұлының өнегелі істерін, қайраткерлік жолын, асыл мұрасын дәріптеу. Мемлекетіміздің дамуына аянбай еңбек етіп жүрген қайраткерлердің еңбегін бағалау, Ұлттық поэзиямызды насихаттау, ұрпақты ұлттық ата-дәстүр рухына тәрбиелеу. Жастардың шығармашылығын шыңдау және қолдау. Халықтың рухани, мәдени мұраларын келешек ұрпаққа жеткізу және оны елдің санасына сіңдіру.

**Өткізілетін күні: 2025 жылдың 17 наурыз күні сағ.17.00-де**

**Өткізілетін орны: Қарағанды қаласы, Кеншілер мәдениет сарайы**

**Айтысты өткізу тәртібі:**

1. Айтысқа Қарағанды облысының ақындары қатыса алады. Олардың жасы шектелмейді. Айтыскер ақындар бұрын облыстық деңгейде өткен сөз сайыстарына қатысып, һәм ақындық қабілеттері шыңдалған болуы шарт.
2. Айтыс ақындарына демеуші болам деушілерге шек қойылмайды. Кез-келген ұжым ұйымдастыру комитетінің келісімімен арнайы сыйлық тағайындауға құқылы.
3. Қазылар алқасы ұйымдастыру комитетінің ұсынуымен тағайындалады. Олардың шешімі түпкілікті және ол талқыланбайды.

**Айтыскерлерге қойылатын талаптар:**

1. Айтыс тақырыбынан ауытқымау;
2. Айтыс ережесін сақтай отырып, қарсыласпен қағысу;
3. Суырып салып айтысу, өткір ой айта білу;
4. Сахна мәдениетін сақтай білу, ұлттық киім және ұлттық аспаппен шығу.

**Айтыс екі кезеңнен тұрады.**

- бірінші кезең: - іріктеу

- екінші кезең: - мәре

Мәреге бірінші кезеңнен іріктелген екі - үш жұп шығады.

**Ынталандыру:**

Жеңімпаздарға, жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар тапсырылады.

**Қосымша мағлұматтар:**

Іссапар шығынын жіберуші есебінен қарастырылады. Өтініштер облыстық «Арқа» айтыс ақындары мен жыршы, термешілер мектебіне (жетекшісі А.Жұмағұлов) 1 наурызға дейін мына мекен жайға жіберіледі: Қарағанды қ. Бұқар жырау даңғылы, 32 Байланыс телефоны 42-50-95, Факс 42-50-33, E-mail: karonmc@mail.ru